

Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау қорытындысы

Форт-Шевченко қаласы

21.05.2025 жыл
сағат 17.00

Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау комиссиясы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №31053 болып тіркелген «Білім туралы» заңының 5 бабы, 21-2 тармақшасына сәйкес, «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бағалауына арналған өлшемшарттар негізінде 2024-2025 оқу жылы бойынша негізгі бағыттар мен зерттеу объектілері байынша материалдар талданды. Білім беру ұйымы жанынан құрылған өзін-өзі бағалау комиссиясы жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жасай отырып, бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау кезеңі 01.09.2024-21.05.2025 жж аралығын қамтыды. Білім беру ұйымын өзін-өзі бағалауды Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының 01.09.2024 жылғы №257-нқ бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы (бұдан әрі -комиссия) өткізді.

Өзін-өзі бағалау комиссиясы құрамында:

1. Колбаева Акмарал Сериковна – мектеп директоры комиссия төрағасы;
2. Алпамысова Бибигул Алпамысовна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Жанғазиева Үмітжан Бүркітқызы – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Беришбаева Акбидай Бағдабаевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Байырбекова Саним Буркутовна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Аралов Кайрат Бегалиевич – директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

7. Қартбаева Қамар Сездқызы – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия хатшысы.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымына бағалау жүргізу кезеңінде сараптамадан негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша дайындалған өзін-өзі бағалау материалдарына қарап, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары сәйкестігіне талдау жүргізілді. Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп және оларды білім беру ұйымы мәліметтерімен салыстыра отырып, сандық-сапалық көрсеткіштеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізілді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы	Маңғыстау облысының білім баскармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және орналасқан жерінің мекен-жайы)	130500, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Ораз Бозақаров көшесі, 42-құрылыс
Заңды тұлғаның байланыс деректері	Электрондық пошта: fort-school-licei@mail.ru тел:8(72938)50596 web-сайт:https://Fort-shevchenko.e-memleket.kz/
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері	Мектеп директоры Колбаева Акмарал Сериковна Байланыс телефоны: +77021300475 Лауазымға алғашқы тағайындау бұйрығы:17.05.2021 жылы бұйрық №40-ж/к Лауазымға қайта тағайындау бұйрығы:19.06.2023 жылы, бұйрық №57-жк
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары	Маңғыстау облысының Әділет департаменті заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 14.06.2023 жылы БСН 160840008411 Маңғыстау облысының білім баскармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы 2023 жылдың 25 мамырдағы №05 қаулысымен бекітілген.
Рұқсат беру құжаттары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғандығы хабарламаны 18.09.2019 жылы №KZ60RVK00021038 Білім беру қызметіне лицензия KZ30LAA00034484 29.06.2023

2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар;

1)	Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі; Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектепалды даярлық сыныбында аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын, тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетінін көрсетті. 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбы- 4 ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары талаптарға сай жасалған және бекітілген. 2024-2025 оқу жылының оқу жоспары бар. МАД сыныбының ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі берілген. 2024-2025 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі ұсынылған кестеде 20 сағат көрсетілген. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
----	---

2)	Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқыту бағдарламасына (бұдан әрі -МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру; Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды бағалау барысында мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысы жоспарланған. Коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын балаларда қалыптастыру бойынша өткен бір оқу жылы мен соңғы екі оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Тәрбие мен оқытудың мазмұны – «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған.Перспективалық жоспарды педагогтар оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың (өткен екі оқу жылы бойынша) негізінде стандарт бойынша құрастырылды. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауда талапқа сай құрастырылды. Өткен оқу жылдарында және 2024 -2025 оқу жылында перспективалық жоспар құру барысында әдістемелік нұсқаулық хатты бастылыққа ала отырып,перспективалық жоспар жасалынып, педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді. Тәрбиешілер ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, тәрбиешінің тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзіреттілік танытқан. Циклограммада санитарлық қағидалар талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жасалынып бекітілді. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылды. 2024-2025 оқу жылында баланың жас шамасына сай құрылған перспективтік тәрбие мен оқыту жұмысы циклограмма арқылы жүргізілді. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
3)	Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сақтау; Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған материалдарды бағалау барысында мектепалды топ 5 күндік жұмыс аптасымен жұмыс жасайды. 2024-2025 оқу жылында 74 оқушы білім алды. Мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдері жас ерекшеліктеріне сәйкес сақталды. Мектепалды даярлық сыныптарының оқу жұмыс жоспарында белгіленген «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын жүзеге асыру үшін балалардың шығармашылығын дамытуға бағытталған әртүрлі іс-әрекеттер, үлестірмелі материалдар, акпараттық стендтер, денсаулық бұрышы ұйымдастырылды. Оқу бөлмесі күнделікті қолданылатын қажетті ресурстармен қамтылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай таным дағдыларының қалыптасуына толық мүмкіндіктер жасалды. Балаларға арналған жазу дәптерлері толықтырылып отырылды. 2024-2025 оқу жылында педагог кадрлары бойынша 4 педагог жұмыс атқарды, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша: арнаулы орта білім -4. Осы педагогтардың педагог модератор-2, санатсыз-2. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
4)	Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы; Талдау нәтижелері: Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Осылайша МАД тобында 2024-2025 оқу жылы бойынша баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының бастапқыда бастапқыда жоғары 21%, орта 38%, төмен 41 % құрады. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
5)	Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау; Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылындағы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы) ұйымдастыру және жүргізу, яғни тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау бойынша ақпарат ұсынылды. Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққаны дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылған. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
6)	Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау Талдау нәтижелері: Мектептің бағалау кезінде ұсынылған құжаттары көрсеткендей, балалардың құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ескере отырып, әр-түрлі іс шараларға

	катыстыруда бақыланатын кезең аралығында мектепалды даярлық сынып тәрбиеленушілері аудандық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің болғандығы анықталды. Тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингі талданып жасалынды. 2024-2025 оқу жылы республикалық -10 бала ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар	
1)	МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы; Талдау нәтижелері: МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы; Талдау нәтижелері: Талдауға ұсынылаған құжаттарды бағалау барысында ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің перспективалық жоспары жасалған. Жоспарға сәйкес циклограмма бойынша ұйымдастырылған әрекеттердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталған. 2024-2025 оқу жылында 4 мектепалды даярлық сыныбында 74 тәрбиеленуші білім алды. Мектепалды даярлық сыныптарындағы білім беру үдерісі ұйымдастырылған іс-әрекет балалар әрекеті бойынша бөлініп берілген. Денешынықтыру аптасына 3сағат, Сөйлеуді дамыту 2 сағат, Көркем әдебиет 2сағат, Қазақ тілі 2сағат, Сауат ашу негіздері 3сағат, Математика негіздері 3сағат, Қоршаған ортамен танысу 2 сағат, Шығармашылық әрекет, бейнелеуден (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыруға)1сағат, Музыка 2сағат. Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемін айқындайтын мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жоспары ұсынылды. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
4. Тәрбие мен оқыту мерзіміне талаптар:	
1)	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; Талдау нәтижелері: Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. Бақыланатын кезең аралығындағы оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбы жинақталған. 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық топта 74 бала қамтылған. Балалар тізімі жасалып бекітілген. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасакталған. Білім беру ұйымында топтарды жинақтау барысында балалардың жас ерекшелігі сақталған. Оқу жылдарында топтарда балалардың жас кезеңділігі бойынша жинақтау жұмыстары жүргізілді. 2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық топта оқыған 25.05.2017 жылғы «Психикалық дамуы тежелген, сөйлеу тілі дамымауының I деңгейі» диагнозы бар Едіге Марғұлан деген оқушыны ата-анасының өтініші негізінде МАД тобына қайта қабылданды. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
2)	Тәрбиеленуші I-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау Талдау нәтижелері: Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша оқушылардың қозғалысы 2024-2025 оқу жылында жүзеге асырылды. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі МАД тобында – 1 жыл. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
5. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:	
1)	Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - ҰОЖ) сәйкестігі; Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымының басшысы бекіткен 2024-2025 оқу жылындағы оқу жоспары, сабақ кестелері ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді. 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары бойынша 1-4 сыныптарда білім беру процесі: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

	2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары бойынша 1-4 сыныптарда білім беру процесі: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы №27 бұйрығының 1-қосымшасы (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары); Бастауыш сыныптағы үйден оқыту процесі: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 53-қосымшасы; 5-9 сыныптарда білім беру процесі: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 6-қосымшасы (қазақ тілінде жүргізілетін 5-9 сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары); лицей сыныптарына - ҚР Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 19-қосымшасы (қазақ тілінде жүргізілетін лицей сыныптарына арналған негізгі орта білім берудің (төмендетілген) үлгілік оқу жоспары); 10-11 сыныптарда білім беру процесі: Лицей сыныптарына- ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 27-қосымшасы(қазақ тілінде жүргізілетін гимназия/лицей сыныптарына арналған жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесі) үлгілік оқу жоспары); Жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарға- ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 22- қосымшасы(қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің(төмендетілген) үлгілік оқу жоспары); Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға- ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығының 85- қосымшасы(қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары); Барлық оқу жылдарына арналған оқу жоспарлары мен сабақ кестелері мектеп басшысымен бекітілген.Сабақтар мен үйірме кестесіндегі білім салалары бойынша оқу пәндерінің сағат сандары ҚР БЖҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес келеді. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
2)	Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру; Талдау нәтижелері: Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында 1-11 сынып аралығында құжаттар оқу жылдары бойынша зерделенді. Оқу бағдарламаларын базалық мазмұны «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына сәйкес жасалып бекітілген Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған.Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды сынып журналдарына енгізілген. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар меңгергендігі анықталды. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
3)	Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; Талдау нәтижелері: Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асырылу жағдайы зерделенді. 2024-2025 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысы жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жасакталған. Ұлттық құндылыққа негізделген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»; «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»; «Әділдік және жауапкершілік айы»; «Бірлік және ынтымақ айы»;

«Заң және тәртіп айы»; «Жасампаздық және жаңашылдық айы»; құндылықтар бойынша сынып жетекшілер жылдық тәрбие жоспарын бекітіп, алты құндылық бойынша оқушылармен жұмыс жасалды. 2024-2025 оқу жылында мектебімізде 46 сынып комплектісі, 46 сынып жетекшісі, мектеп директорының 02.09.2024ж №200 н/к бйрығымен тағайындалды. Оқу жылы 886 оқушымен басталды.2024-2025 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»; «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»; «Әділдік және жауапкершілік айы»; «Бірлік және ынтымақ айы»; «Заң және тәртіп айы»; «Жасампаздық және жаңашылдық айы»; құндылықтарымен оқушыларды ұлттық құндылықтарды сақтауға, еңбекке баулу әртүрлі жобалар бойынша «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart bala», «Балалар кітапханасы» жобалары бойынша жұмыстар жүргізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.

4)

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Талдау нәтижелері: Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып аралығында оқушылар саны -908, 8 үйірме ондағы оқушылар саны -123. Бұл үйірмелерде «Волейбол», «Футбол», «Қазақша күрес», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Домбыра», «Робототехника», «Жас дәурен» (театр) үйірмелері жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптар аралығында оқушылар саны-867, 10 үйірме ондағы оқушылар саны-431. Бұл үйірмелерде «Балдаурен» театры, «Математика және логика», «Ағылшын», «Тоғызқұмалақ», «Дойбы», «Футбол», «Шахмат», «Баскетбол», «Волейбол», «Домбыра» үйірмелері жүргізілді.

2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптар аралығында оқушылар саны-886, 9 үйірме ондағы оқушылар саны-114. Бұл үйірмелерде «Шахмат», «Домбыра», «Дойбы», «Волейбол», «Тоғызқұмалақ», «Теңбіл доп», «Робототехника», «Қазақша күрес», «Сықырлы қыл қалам» үйірмелері жүргізілді. Мектепте «JasStar» дебат клубы жұмыс жасауда. Мақсатымыз: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаландыра отыра, оларды шығармашылыққа, ізденушілікке, жауапкершілікке, болашақ мамандық иесі болуға үйрету. Осы жылдары мектебіміздегі спорттық, ғылыми жобалар, конкурстар, әртүрлі байқаулардың қорытындысы өз деңгейіне жетіп, төмендегідей нәтижелерді көрсетті.

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды бағалау кезеңіне мектепте 2022-2023 оқу жылдарына арналған білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс жоспары мен жұмыстары жинақталды.

ҚР Оқу – ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының 3-қосымшасы 1-тараук 17-тармағына сәйкес «Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру жинақтала келе білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз етеді», 4-қосымша 4-тарау 14-тармағы «Сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асуын қамтамасыз етеді».

Білім беру ұйымы тәрбие жұмыс жоспарында рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі бағыттары бойынша сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандары (сынып сағаты, дебат, сахналық қойылым, шығармашылық кеш т.б) қарастырылып, өткізілген.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында тәрбие жоспары жасакталып бекітілді. Үш құндылыққа негізделген «Ұлттық мүде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтары бойынша сынып жетекшілер жылдық тәрбие жоспары бойынша оқушылармен жұмыс жасауда. Биылғы оқу жылында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» негізінде мектебімізде «Даналық мектебі» құрылды.Осы орайда «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі», ашылып, жоспарға сәйкес жұмыстар жасалуда. Форт-Шевченко мектеп-лицейінде оқу-жылдарында сынып сағаттардың уақыты сабақ кестесіне бекітілген. Бағаланатын кезеңде білім алушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық ұйымдастырылған байқаулардың қорытындысы бойынша ғылыми жобалар, шығармашылық және мәдени конкурстарға, спорттық жарыстар, байқауларға қатысу нәтижелері қосымшада көрсетілген.

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында тәрбие жоспары жасакталып бекітілді. Алты құндылыққа негізделген «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»; «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»; «Әділдік және жауапкершілік айы»; «Бірлік және ынтымақ айы»; «Заң және тәртіп айы»; «Жасампаздық және жаңашылдық айы»; құндылықтары бойынша сынып жетекшілер жылдық тәрбие жоспары бойынша оқушылармен жұмыс жасауда. Биылғы оқу жылында құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды, күнделікті: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут», «Үнемді тұтыну», «Күй күмбірі»

Байқаулар мен конкурстар	Оқушы саны	аудан	үлесі	облыс	үлесі	Республикалық, халықаралық	Үлесі
2022-2023							
Оқу жылының қорытындысы	908	90	9,9	22	2,4	0	0

	2024-2025 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 сыныптарда тереңдетілген деңгейде «Физика», «География», стандартты деңгей «Құқық негіздері», «Дүние жүзі тарихы» пәндері және «Алаш қозғалысы және Алаш идеясы» тақырыбында элективті курсы; қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10 сыныпта «Әлемдік география» элективті курсы жүргізіледі. Жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 11 сыныптарда тереңдетілген деңгейде «География», «Биология», «Физика»; стандартты деңгейде «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Дүние жүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндері және «Мәдени мұра» тақырыбында элективті курстары жүргізіледі. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
6)	Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру; Талдау нәтижелері: «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» КММ -де 2024-2025 оқу жылы бойынша 10 оқушының тізімдері жасакталып, бекітілген. 2024-2025 оқу жылы бойынша жұмыс жоспары жасакталып бекітілді. Көрсетілген оқу жылында педагогикалық консилиум құрамы, ППКҚ жоспары, бұйрықтар, хаттамалары бар. 2024-2025 оқу жылында логопед және дефектолог мамандардың бала күтімі демалысқа шығып кетуі және бос орынға жарияланған конкурсқа қатысушы болмауы себепті бекітілген тізімдегі 10 оқушымен жұмысты мектеп психологы мен әлеуметтік педагог ғана аткарып отыр, бұл оқушылармен жүргізілетін арнайы мамандар жұмысын ата-ана көмегі арқылы көрші ғимаратта орналасқан «Маңғыстау облысы білім басқармасының Форт-Шевченко психологиялық-педагогикалық кабинеті» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мамандары (логопед, дефектолог) жүргізуде. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
7)	ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру; Талдау нәтижелері: Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы білім беру ұйымында 2024-2025 оқу жылындағы білім алушылардың апталық оқу жүктемесі Қр БжҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығында, «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген апталық және жылдық жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне сәйкес жасалынды. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
8)	«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының игеру; Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-тарау 25-параграфқа сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің аясында 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан күнтізбелік тақырыптық жоспарларына енгізіліп, пән мұғалімі оқытуымен іске асырылған. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 4-тарау 56-параграфқа сәйкес «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру оқу пәнінің аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен күнтізбелік тақырыптық жоспарларға енгізіліп, дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылған. 10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздік негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің аясында жүргізілген. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіліп отыр. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
9)	«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру; Талдау нәтижелері: «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру бойынша мәлімет 2024-2025 оқу жылы Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптар үшін 6 сағат, 5-8 сыныптар үшін 10 сағат көлемінде сынып сағаттары жоспарына енгізіліп, өткізілуде. Сынып сағаттарын өткізу түсіндірме сабақ, тәрбие сағаттары, сыныппен жұмыс, мектеп инспекторымен саяхат, ойындар формасында ұйымдастырылып, жоспарға сай өткізіледі. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.
10)	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі -біліктілік талаптары) сақтау

1)Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі бар жұмыс оқу жоспарының пәндеріне педагогтердің болуы:

Талдау нәтижелері: Осы критерий бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында, 2024-2025 оқу жылдары бойынша педагог кадрлардың білімін айқындайтын құжаттар (сапалық құрам, көрсеткіш кестелер, мұғалімдердің жеке растаушы құжаттары) ұсынылған.

2024-2025 оқу жылдарында педагог кадрлардың білімі бойынша орналасуы

№	Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Білімі бойынша		Қосымша			Үлесі	Баға
				жоғары	арнаулы	магистр	Қайта даярлау	нострификация		
3	2024-2025	0-4	25	12	13	--	--	--	77,9%	2
		5-9	37	35	2	2	--	--		
		10-11	15	13	2	--	--	--		
		Барлығы	77	60	17	2	--	--		

2.1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі: жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы-педагогтердің, зерттеуші-педагогтердің, негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын шебер-педагогтердің үлесі шағын жинақты мектептер үшін Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтер жалпы санынан кемінде 20%; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25%; гимназиялар үшін кемінде ; гимназиялар үшін кемінде 30%

Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Білім бойынша			Санаты бойынша								Үлесі	Баға
			Жоғары	Арнаулы	Магистр	Жоғары	Шебер	Педагог-	Бірінші	Педагог-сарапшы	Екінші	Педагог-	Санатсыз		
2024-2025	1-4	25	17	8	0	0	0	1	0	11	0	5	8	48%	5

2.2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі: шағын жинақты мектептер үшін негізгі орта білім беру деңгейі педагогтерінің жалпы санынан кемінде 25%; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35%; лицейлер үшін кемінде 40%, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30%, гимназиялар үшін кемінде 40%, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30%.

Оқу жылы	Сыныптар	Мұғалім саны	Білім бойынша			Санаты бойынша								Үлесі	Баға
			Жоғары	Арнаулы	Магистр	Жоғары	Шебер	Педагог-	Бірінші	Педагог-сарапшы	Екінші	Педагог-	Санатсыз		
2024-2025	5-9	42	38	2	2	0	0	3	0	12	0	10	17	35,7%	3

2.3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі: шағын жинақты мектептер үшін негізгі орта білім беру деңгейі педагогтерінің жалпы санынан кемінде 25%; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35%; лицейлер үшін кемінде 40%, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30%, гимназиялар үшін кемінде 40%, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30%.

Оқу жылы	Сыныптр	Мұғалім саны	Білім бойынша			Санаты бойынша								Үлесі	Баға
			Жоғары	Арнаулы	Магистр	Жоғары	Шебер педагог	Педагог-зерттеуші	Бірінші	Педагог-сарапшы	Екінші санатты	Педагог-модератор	Санатсыз		
2024-2025	10-11	24	21	2	1	0	0	3	0	6	0	7	8	37,5%	3

Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылы бойынша педагогикалық қызметкерлердің сапалық құрамы және қосымша мәліметтер кестелерде ұсынылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі - 48%, негізгі орта білім беру деңгейі педагогтердің жалпы санынан үлесі - 35,7% және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі - 37,5% құрайды.

2024-2025 оқу жылында педагогтердің кәсіби күздіреттіліктерін арттыру бағытында өзін-өзі дамыту, ішкі ресурстар арқылы білімдерін жетілдіру, кәсіби қолдау және кәсіби біліктіліктерін шыңдау бағытында тиісті жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілген.

7-қосымшаға сәйкес ұсынылған мәліметтер бойынша біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған/растамаған: мұғалімдер анықталды. Олар:

Құракова Кәмшат Бердібекқызы- дене тәрбиесі, еңбек өтілі 6 жыл, ПББ- дан өтпеді;

Дәулетбаев Қайрат Сабитович-АЭД, еңбек өтілі 9 жыл, ПББ- дан өтпеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмаған.

3) ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген нормаларға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы (бұдан әрі - №44 бұйрық) және «Орта білім беру ұйымдары, Мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендер үшін, оның ішінде электрондық нысанда оқулықтар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы

Талдау нәтижелері: Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры туралы мәлімет ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 12-қосымшасына сәйкес жасакталынды. Кітапхананың жалпы ауданы – 187,9 ш.м. Кітапхана абонемент, оқу залы, оқулық қоры және медиатека бөлмесінен тұрады. Кітапхана Интернет желісіне қосылған, 1компьютер, 6 ноутбук, 1 телевизор, 1 планшет бар, оқу залы 24 оқырманға арналған. Кітап қоры – 31644 дана, оның ішінде жаңа буын оқулықтары – 27010 дана, көркем әдебиет саны – 4634 дана, оқырмандар саны – 83, кітап берілім саны -286, келушілер саны -446.

ҚОРЫТЫНДЫ:Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылықтар анықталмады.

4) Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пунктермен қамтамасыз етілуі. «Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 7 сәуір №141 бұйрығына сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен Медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен Медициналық қызметке лицензияның немесе шарттың болуы

Талдау нәтижелері: Медициналық кабинет жалпы ауданы – 67,1ш.м құрайды, емшара, изолятор, қабылдау бөлмелерінен тұрады. Медициналық кабинетке Маңғыстау облысының Денсаулық сақтау басқармасының 12.08.2011 жылы берілген №00330DE лицензиясының 08.01.2017 жылы берілген қосымшасы бар. Түпқараған аудандық орталық емханасымен оқушыларға медициналық қызмет көрсетуге әр жыл басында жасакталған шарттары бар.

5) Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында уәкілетті органның санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе ҚР ДСМ №76 бұйрығымен бекітілген Санитарлық қағидаларға сәйкес білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпустарында) білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы:

Талдау нәтижелері: Мектеп асханасы 204,2 ш.м құрайды. Орын саны –189, үстелдер саны -31, орындықтар саны -189. Мектеп асханасы ЖК «Мейірман Назира» жалға алған және 1-4 сынып оқушыларын және аз қамтылған отбасы балаларын тегін тамақтандыру қызметін атқарады. Келісім шарттары жасакталған. Азық-түлік объектісіне оның санитарлық ережелерге және гигиеналық нормаларға сәйкестігі туралы 10.04.2023 жылғы №R.04.X.KZ82VWF00093839 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар.

6) Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе ҚР ДСМ №76 бұйрығымен бекітілген санитарлық нормаларға

және №55 бұйрықпен бекітілген орт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайлармен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен активтерді жалға алу
Талдау нәтижелері: Оқу үй-жайлармен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен активтер жалға берілмеген.

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтау және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген, бұдан әрі -№70 бұйрық) бекітілген нормаларына сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықтау;

Талдау нәтижелері: Мектепте 1 информатика, 1 робототехника, 1 STEM кабинеті бар. Барлығы да Интернет желісіне қосылған, интербелсенді такталармен, принтерлермен жабдықталған. Информатика кабинетіне компьютерлер 24+1 конфигурациясы бойынша орналастырылған.

№348 бұйрыққа және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы ғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген, бұдан әрі -385 бұйрық) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, зертханалармен, спорт залдармен жабдықтау;

Мектепте 9 бастауыш сынып, 2 мектепалды даярлық тобына арналған, 1 жаңа модификациялы химия, 1 жаңа модификациялы биология, 1 жаңа модификациялы физика, 2 орыс тілі мен әдебиеті, 2 қазақ тілі мен әдебиеті, 2 тарих, 2 шет тілі, 1 география, 3 математика, 1 инклюзив, 1 музыка, 1 БӨД кабинеті, ұлдарға және қыздарға арналған 2 шеберхана, спортзал мен акт зал және сыртқы спорт алаңы бар. Барлық кабинет Интернет желісіне қосылған, компьютермен, интербелсенді такта және пән ерекшеліктеріне байланысты құралдармен жабдықталған. Барлық оқу кабинеттері ауданы стандартты, 62 шаршы метр жобасын құрайды. Спорт зал – 521,1ш.м., акт зал – 265,9 ш.м.

- edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

Мектеп сайты <https://Fort-shevchenko.e-memleket.kz/> мекенжайы бойынша орналастырылған, яғни мектепте үшінші деңгейдегі домендік атау бар.

-№70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

-№385 бұйрықпен бекітілген жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;

Мектептің оқу кабинеттері толықтай мектеп жиһаздарымен қамтылған, мектепалды даярлық топтары мен бастауыш сынып оқушыларына жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтар орнатылған.

-ҚР ДСМ -№76 бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы;

Мектеп оқушылары «TDN Traid» ЖШС-нің жабдықталған арнайы бөтелкелеріндегі ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

- ғимаратта ҚР ДСМ -№76 бұйрыққа сәйкес санитариялық нормаларға сәйкес санитарлық тораптардың (унитаздар, қол жуғыш раковиналар) болуы. Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2019 жылғы 23 қаңтардағы №32 және Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы №49 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18239 болып тіркелген) бекітілген бірлескен бұйрыққа (бұдан әрі -№32 және №49 бұйрықтар) сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы

Мектепте ғимарат ішінде орналасқан 27 әжетхана бар. Жылы, салқын сумен қамтылған, мектеп орталық су жүйесіне қосылған. Әжетханалар ұлдарға, қыздарға, мектеп қызметкерлеріне арнайы бөлінген. Қол жуғыш раковиналар барлық әжетханаларда, әр оқу кабинеттерінде және шеберханаларда бар, сонымен қатар асханада орналастырылған. Барлық әжетханалар мен асханада қол кептіргіш құралдар қойылған.

«Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына бейнебақылау жүйесі қондырылған, барлығы – 53 дана, барлығы да цифрлық камералар, оның ішінде сыртқы-12 дана, ішкі – 41 дана, барлығы толықтай жұмыс жасап тұр, жазбаны сақтау мерзімі -30 күн, жедел басқару орталығына қосылған, бейнебақылау жүйесіне техникалық тұрғыдан қызмет көрсетуді «NBS Aqketik» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі атқарады.

8) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес көлемі 1-тармағына сәйкес көлемі 36 сағаттан кем емес, білім беру ұйымдарының тиісті бейіні бойынша педагогтердің және басшы кадрларының біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

Талдау нәтижелері: Мекемеде 77 педагог-қызметкер еңбек етеді. 2022, 2023, 2024 жылдары оның 56-сі біліктілік арттыру курстарынан өткен. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруды растайтын сертификаттары мен куәліктері бар. Біліктілікті арттыру курсымен қамтылмаған 21 мұғалімнің 12-сі еңбек өтілі 3 жыл болмаған жас маман, 8-і декреттік демалыстан шыққан педагогтер. Олардың арасынан бастауыш сынып мұғалімі Келжанова

Назгүл ұзақ мерзім бала күтімінде отырған. 1 мұғалім соңғы үш жылда біліктілігін арттырмаған. Педагогтерді курстан өту үшін алдағы мерзімдерге перспективалық жоспар жасақталып, енгізілген.

№	Пәні, лауазымы	Барлық педагогтер саны	Курспен қамтылуы	3 жыл ішінде курспен қамтылмағаны
1	Мектеп басшысы, орынбасарлар	7	5	2 (1- жас маман, 1- өзге ұйымнан қабылданған)
2	Бастауыш сынып	17	14	3 (2 бала күтімінен шыққан)
3	МАД сыныбы	4	2	2 (1 жас маман, 1 бала күтімінен шыққан)
4	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	4	1- жас маман
5	Орыс тілі мен әдебиеті	4	2	2- жас маман
6	Ағылшын тілі	7	3	4 (1- жас маман, 3- бала күтімінен шыққан)
7	Тарих, құқық және дінтану	4	3	1 жас маман
8	Математика	5	3	2 жас маман
9	Физика	3	3	0
10	Информатика	4 (3 басшы, орынбасар)	2 (басшы, орынбасар)	2 (1 орынбасар жас маман+ 1 жас маман)
11	Биология	3	3	0
12	Химия	1	1	0
13	География	2	2	0
14	Көркем еңбек	2	1	1 жас маман
15	Ән-саз	1	1	0
16	Дене тәрбиесі	6	6	0
17	Кәсіптік бағдар беруші	1	1	0
18	АӘД	1	1	0
19	Мектеп психологы	1	1	0
20	Тәлімгер	1	0	1- жас маман
21	Әлеуметтік педагог	1	0	1- жас маман
	Барлығы	77	56	21

9) №570 бұйрықпен бекітілген Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базасы бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБДҚ-мен сәйкестігі

Талдау нәтижелері: Форт-Шевченко мектеп-лицейі Ұлттық білім беру деректер қорына тіркелген, ID № 10931, деректер нысандарына сәйкес барлық мәліметтер толтырылып, уақытылы жаңартылып отырады.

10) «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген №265136 бұдан әрі-№6 бұйрық);

Талдау нәтижелері: Мектепте ерекше білім алатын оқушылар үшін жағдай жасалған. Мектеп ғимаратының кіреберісі екі жақтан пандуспен жабдықталған, жол бойында тактильді жолақтар орнатылған. Мүгедектерге арналған арнайы әжетхана, арнайы раковина, тұтқалар қондырылған, белгілі бір деңгейде орналастырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ:Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

3.Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы
Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптарда білім алушылардың сабақ кестесі оқу жоспарларына сәйкес жасақталған. Оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған.
2024-2025 оқу жылы 1-сыныптар үшін белгіленген жоғары шекті жүктеме-19,5 сағат, инвариативті оқу жүктемесі 18,5 сағат, вариативті сағаттар бойынша белсенді - қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар «Домбыра» және «Сиқырлы қылқалам» -1 сағат сабақтары жүргізілді. 2-сыныптар үшін белгіленген жоғарғы шекті жүктеме-22 сағат, вариативті оқу жүктемесі 24 сағат, вариативті сағаттар бойынша белсенді- қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға: «Логика» және күрес, дойбы, тоғызқұмалақ, футбол үйірмелері 2 сағат сабақтары жүргізілді. 3-сыныптар үшін белгіленген жоғары шекті жүктеме-25 сағат, инвариативті оқу жүктемесі 26 сағат, вариативті сағаттар бойынша белсенді - қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға: «Логика» 1

	сағат сабақтары жүргізілді. 4-сыныптар үшін белгіленген жоғарғы шекті жүктеме-25 сағат, вариативті сағаттар бойынша белсенді-козғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға: «Роботехника» үйірмесі-1 сағат, вариативті оқу жүктемесі 26 сағат; 7 а лицей сыныбына оқытудың инвариативті компоненттің 28 сағаты оқытылды. Вариативтік компоненттен 3 сағат таңдау пәні бойынша: қазақ тілі, ағылшын тілі, география пәндері оқытылды. Лицейлік компоненті 4 сағат бойынша: «Физика тұрмыста», «Математикада және логика»-2 сағат, «Ғаламның ғажайыптары мен құпиясы» сабақтары жүргізілді 8 а лицей сыныбына оқытудың инвариативті компоненттің 28 сағаты оқытылды. Вариативтік компоненттен 3 сағат таңдау пәні бойынша: ағылшын тілі, геометрия, қазақ әдебиеті пәндері оқытылды. Лицейлік компоненті 5 сағат бойынша: «Физикадан есептерді шешу әдістері», «Математика және логика», «Жер тану»-2 сағат сабақтары жүргізілді. 9 а лицей сыныбына оқытудың инвариативті компоненттің 29 сағаты оқытылды. Вариативтік компоненттен 3 сағат таңдау пәні бойынша: география, геометрия, қазақ әдебиеті пәндері оқытылды. Лицейлік компоненті 5 сағат бойынша: «Механика негіздері», «Математиканың таңдаулы тақырыптары», «Математикалық сауаттылық», «Қазақстанның қазіргі заманғы географиясы», «Генетика және селекция негіздері» және элективті курс «Болашақ технологиялар әлемі» роботехника -1 сағат сабақтары жүргізілді 10 а лицей сыныбында оқытудың инвариативті компоненттің 28 сағаты оқытылды. Инварианты компоненттен 4 сағат таңдау пәні бойынша: химия, биология пәндері оқытылды. Лицейлік компоненттен 4 сағат математика-1, шахмат-1, «Болашақ технологиялар әлемі»-роботехника 2 сағат. Инвариантты таңдау пәндері және элективті курс 1 сағат- «Алаш идеясы және Алаштану»; «Жаһандық құзыреттілік» -1 сағат сабақтары жүргізілді. 10 ә сыныбында қоғамдық-гуманитарлық бағытта инвариантты оқу жүктемесі 31 сағат; элективті курс «Әлемдік география» -2 сағат және «Жаһандық құзыреттілік» -1 сағат сабақтары жүргізілді. 11 а және 11 ә сыныптарында жаратылыстану-математикалық бағытта инвариантты оқу жүктемесі-28 сағат; инвариантты таңдау пәні -3 сағат химия, география-2 сағат, биология-2 сағат және элективті курс «Мәдени мұра» -1 сағат, «Жаһандық құзыреттілік» -1 сағат сабақтары жүргізілді. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
2)	Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы; Талдау нәтижелері: Ұсынылған материалдарды зерделеу барысында оқу жылдары бойынша оқу жоспары мен сабақ кестесі жасақталып, бекітілген. Сынып журналдарын, оқу жоспарын және сабақ кестесін қарау барысында пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғарғы шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
3)	Сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 30-тармақта көрсетілген 2-4 сыныптарда шетел (ағылшын) тілі, цифрлық сауаттылық пәні, 5-11 сыныптарда шетел (ағылшын) тілі, информатика, көркем пәндері сынып оқушыларының саны 24 және одан көп болған жағдайда екі топқа бөлу жүзеге асырылған. 2024-2025 оқу жылында 1-4 сыныптарда 18 сынып комплектісі бар. Оның 2- еуі топқа бөлінген. 5-9 сыныптарда 20 сынып комплектісі бар. Оның 6-сы топқа бөлінген. Барлығы 8 сынып топқа бөлінген. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
4. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	
1)	ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) Талдау нәтижелері: Оқу жылдарындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім беру салалары бойынша оқу пәндерін білім алушылардың дайындық деңгейі (mekterp.tdu.kz) электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасына сәйкес ағымдағы сабақ барысында әрбір пәннен мұғалім білім алушылардың білімдерін жүйелі тексеріп, ағымдық бақылау жүргізіліп отырған. Білім алушылардың бір оқу пәнін оқып аяқтағаннан кейін мазмұнын меңгеру сапасы бағаланып, аралық бақылау жасалған. Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім беру мазмұнының көлемін меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында қорытынды бақылау өткізілген. Оқушылармен теориялық сабақтармен қатар практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізілген, бақылау жұмыстары атқарылып, сынып журналдарында көрсетілген. Тәжірибелік және зертханалық, бақылау жұмыстары оқу пәніне

байланысты орындалып, білім мазмұны игерілген. Әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту максаттары нақтыланған. Жүргізілген сабақтар сынып журналына түсірілген. Білім беру саласы бойынша оқытудың күтілетін нәтижелер бағаланған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Талдау нәтижелері: Оқу жылындағы сынып журналында бағалау <<mektep.edu.kz>> ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылын балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. Сонымен қатар, оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындыларын шығару жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар бағалануы сынып журналына қойылған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-де 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11 сынып білім алушыларының пәндер бойынша тоқсандық бағалары жиынтығымен шығарылды. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілді. Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11 сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейіне анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес.

Бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Бөлім бойынша жиынтық бағалау 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес жасакталған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

- 3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Талдау нәтижелері: Білім беру ұйымында әрбір жылдар бойынша оқу жоспары жасакталып, сабақ кестесі белгіленген Оқу жетістіктері тбағаланып, сынып журналдарына түсірілген. Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерінің есеікере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шаралары жүргізілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытуда сараланған, деңгейлік тәсіл қолданылған, білім алушылардың жетістіктерін бағалау кезеңінде есепке алып, қорытындыланған. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары жүргізіліп инклюзивті білім беру талаптарын сақтау шаралары атқарылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.

- 4) 4,9 -сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізудің айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқу нәтижелерін бағалау

Талдау нәтижелері: Білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізілді. Бағалау бастауыш және негізгі орта білім бойынша бітіруші 4 және 9 сыныптардан офлайн форматында компьютерлік тест алынды.

Компьютерлік тест қорытындысы төмендегідей болды:

№	Сынып	Оқушылардың жалпы саны	Қатыс қаны	Қатыс қандар үлесі	40%-дан аз	40-64%	65-84%	85-100%	Оң нәтиже үлесі
1	4	80	78	97,5%	10,3%	53,8%	32,1%	3,8%	89,7%
2	9	80	77	96,2%	36,3%	58,4%	5,1%	0	63,7
Барлығы		160	155	96,8%	23,3%	56,1%	18,6%	3,8%	76,7

Тестілеу кезінде пайыздық қатынас бағалау шәкілімен анықталып, нәтижесі төрт балдық жүйемен бағаланды. Тестілеуге барлық оңісті контингенттік тізімдік құрамның 96,8%-ы қатысты.

Педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) сауалнама онлайн түрінде өткізілді.

	Оқушылардың сауалнамасына 155 қатысты, бұл 4 және 9 сынып оқушыларының жалпы санының 100% құрайды. Респонденттердің 82%-ы білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің 2-қосымшасына сәйкес 5 (бес) балға сәйкес келетін қызмет көрсету деңгейіне қанағаттанған. Мұғалімдер арасындағы сауалнамаға барлығы 33 мұғалім қатысты, бұл 4 және 9 сыныпқа сабақ беретін мұғалімдердің жалпы санының 100% құрайды. Респонденттердің 100%-ы білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің 2-қосымшасына сәйкес 5 (бес) балға сәйкес келетін қызмет көрсету деңгейіне қанағаттанған. Ата-аналардың сауалнамасына 135 қатысты, бұл 4 және 9 сынып оқушылары ата-анасының жалпы санының 100% құрайды. Респонденттердің 83,4%-ы білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерінің 2-қосымшасына сәйкес 5 (бес) балға сәйкес келетін қызмет көрсету деңгейіне қанағаттанған. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
6. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар	
1)	Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау; Талдау нәтижелері: 2024-2025 оқу жылында оқушыларды білім беру ұйымына қабылдау, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Оқу жылы аяғында барлық оқушылар үшін сыныптан сыныпқа көшуі, негізгі орта және жалпы орта мектеп курсы аяқтаған оқушылар үшін мектептен шығару бұйрықтары шығарылып отырады. Жалпы орта білім курсына, яғни 10 сыныпқа оқушылар өтініштері негізінде қайта қабылданып, қабылдау бұйрықтары шығарылады. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – 4 жыл, негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - 5 жыл, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі - 2 жыл, яғни оқу мерзіміне қойылатын талаптар сақталған. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
2)	Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау. Талдау нәтижелері: Мектепте 2024-2025 оқу жылында оқу жылын бастау және аяқтау бұйрықтары мектеп директорымен шығарылған. Бұйрықтарда барлық білім алушылар үшін оқу жылының ұзақтығы, каникул күндері, қорытынды аттестаттау емтихандары күндері, сабақ уақытының ұзақтығы белгіленіп көрсетілген. ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді, бұзушылық анықталмады.
ҚОРЫТЫНДЫ: Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылғы хаттамалық шешіміне сәйкес Маңғыстау облысының білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімінің «Форт-Шевченко мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өлшемшарттар бойынша өзін-өзі бағалау қорытынды бағасы: 54 (елу төрт), яғни Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымы қызметінің нәтижелерін бағалау үшін белгіленген білім беру қызметтерін көрсету сапасының «жақсы» – 45-тен 54 балға дейінгі деңгейіне сәйкеседі.	
Комиссия төрағасы: Комиссия мүшелері:	
Колбаева Акмарал Сериковна (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда) Алпамысова Бибигүл Алпамысовна (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда) Жарғазиева Үмітжан Бүркітқызы (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда) Берішбасва Акбидай Бағдабаевна (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда) Байырбекова Саним Бүркүтовна (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда) Аралов Кайрат Бегалиевич (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда) Қартбаева Қамар Сездқызы (колы) (аты-жөні бар болған жағдайда)	